



Тәуелсіз елдің таңбасы



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекеттік рәміздер – біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біркітіруші образын білдіреді» деген еді.
Шынында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің 25 жылдығы – шын мәнісіндегі тәуелсіз еліміздің үлкен тойы. Өйткені Елтаңбамыз әрқайсымыздың өзіміз өмір сүріп, өніп, өсіп жатқан отбасымыздың шаңырағын еске түсірсе, Әнұранның «Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы, Ерліктің дастаны, Еліме қараши!» деген жолдары Отанымызға көкіректі кернеген еріксіз мақтаныш сезімін оятады.

Тәуелсіз Қазақстанның Елтаңбасының ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін оны кешегі Қазақ КСР-і гербімен салыстыра отырып, бұлардың қағидатты айырмашылықтарын аша кеткен жөн.

Біріншіден, кеңестік герб қоғамды таптық негізде бөліп, негізгі тап Орақ пен Балға шаруа мен жұмысшының одағын, достығын дәріптеді. Халықтың ауқатты тобының дүниесін тартып алды, саяси қуғын-сүргінге салды, алысқа айдады, түрмеге жапты, атты, жойды. Кеңестік құлдық психология «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан. Торлаған тұманнан жол таппай тұрғанда, Жарқырап Лениндей күн шығып, атты таң» деп ән салдырды. Кешегі кемелденген социализм заманы түгіл алып империяның жүйесі іштен де, сырттан да іри бастап, қайта құру емес, қайта қиратуға бет алғанда да Қазақстан тәуелсіз ел болады деп ешкімнің үш үйіктаса, түсіне де кірген жоқ болар. Тіпті алдымыздығы көш бастар елдер етек жеңін жинап, бағытын азаттыққа бұра бастағанның өзінде келешек бізге құнгіртеу болып, кеңестік құрсаудан босанғымыз келе қоймады.

Тәуелсіз елдің Елтаңбасының шаңырағы – киіз үйдің күмбезі, ошақтың, отбасының бейнесін, сонымен қатар бір шаңырақтың астындағы тату-тәтті

Қазақстан халқының болмысын паш етеді. Бұл еліміздің ең алғашқы құжаты – мемлекетіміздің егемендігі туралы Декларацияда «Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет» атап көрсетілгендей, халқымыздың бірлігі мен ынтымағы, көпэтносты Қазақстанның тұтастығы деген идеяны ашып отыр.

Екіншіден, кеңестік герб «Барлық елдердің пролетарлары бірігіндер!» десе, бүгінгі Елтаңбаның иесі Қазақстан өзінің, кезінде Шоқан Уәлиханов «қазақ – бейбітсүйгіш халық» деп айтқандай, бейбітшіл саясатымен әлемге танылды. Сирия жағдайында Қазақстанның сан тарапты бітімгершілікке бастауы – бұл сөзіміздің айқын дәлелі.

Үшіншіден, кеңестік герб ұлттық құндылықтан ада болса, Елтаңбамыз қазақтың сан ғасырлық рухани байлығын барынша бойына жиған. Ұлы дала төсінде мыңдап саналған таңбалар өнерімен қазақ халқы сол ерте кездे-ақ әлемдік мәдениетке өзіндік үлес қосса да, кеңестік идеология Таңба сөзін мемлекеттік рәміздің атауына қимады.

Бүгінгі Елтаңбамыздың авторы, қырық жылдай туысқан Өзбекстанның архитектуралық құрылышына етене араласып, тіпті «Өзбекстанға еңбегі сіңген архитектор» атағына ие болған Жандарбек Мәлібековті сонау Алматыдан «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұнының, Елтаңбасының және Әнұранының ең таңдаулы жобасына жарияланған конкурс туралы» ақпарат елең еткізді, толғанысқа жетеледі. Тәуелсіздік таңы атқан еліне деген жүрек лүпілі тынымсыз қанат қақты. Ол толып жатқан тарихи және археологиялық еңбектерді актарды. Орталық Азия мұражайларына қойылған сақтардың экспонаттары және ғылыми әдебиеттермен танысты. Содан қазақ тұрмысының ғасырларға кеткен тарихы мен бүгінгі күнін біріктіретін, Ұлы дала тұрғындарының тарихы үш мың жылдан асатын, ежелден тұрағы, құтты мекені, имандылық ұясы, дәстүрлі ордасы болып келе жатқан, «Шаңырағың биіктей түссін!», «Кереген кен, босағаң берік болсын!», «Табалдырығың қасиетті, дүшпанға биік, досқа аласа болсын!», «Ошағыңнан от кетпесін!» т.б. толып жатқан баталар тудырып, оларды ұлттымыздың санасында берік орнатқан қасиетті де киелі киіз үй негізгі идеяның арқауына айналды. Содан қызу жұмыс басталып кетті де, күн демей, тұн демей, үйқы қашырған тірлік болашақ Елтаңбаның жобасын дүниеге келтірді. Оны автор Ташкенттен КамАЗ автокөлігіне тиеп, Шымкент арқылы Алматыға жеткізді. Биік лауазымды жиырма шақты кісіден тұратын республикалық комиссияға тапсырылды. Олар таңдалап, сарапалап, ұсынылған 293 жобаның 10-ын соңғы талдауға қалдырды. Оның ішінде Жәкеңнің жұмысы бірден көзге түсіп, назарға ілікті.

1992 жылғы маусымның 4-і күні Жоғарғы Кеңесінің Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздерімен ресми танысуға арналған салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзінде Президент Н.Назарбаев Ташкенттен жеткен Елтаңбаға ерекше назар аударып: «Ұлттық рухты осыншама кемел жеткізген елтаңба әлемде сирек кездеседі десек те артық болмас. Қазақ өмірінің ұлы белгісі – шаңырактан тараған таң шапағатындай уықтар аясындағы ай мүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа ұмтылған асқақ

арманының бейнесіндегі болып көрінеді. Қос пырақтың ортақ шаңырақты қанатымен қорғап тұрғаны да көп ой салады. Елтанбада өте-мөте келісті көркемдік шешімін тапқан ұлы идея – ЕРКІНДІК идеясы біздің есімізге қазақтың: «Отан үшін күрес – ерге тиген үлес» деген қанатты сөзін еске салып тұратын болсын! Айбынымызды асырып, рухымызды аспандатар елтаңбамыз құтты болсын!» – деді.

Осылай бүгін ширек ғасыры арналып отырған Елтаңба азат еліміздің көгіне көтерілген болатын. Міне, содан бері бұл аса мәнді мемлекеттік басты рәміздердің бірін қазақтың сонау ежелгі дәуірінен аз кем хабардар адам айтпай танитында болды. Сөйтіп, қазақтың қара шаңырағы әлемге мәлім болды.

Ұлы дала тұрғындары қолөнерінің ұлгілерін әсем бейнеленген, көк күмбезді еске түсіретін, көгілдір тұс аясындағы ең басты жоғары жүйені құраушы, елімізді мекендейтін барлық халықтардың ортақ қасиетті қонысын, біртұтас Отанын бейнелейтін шаңырақ бейнесі – Елтаңбаның басты бөлігі. Оған шанышылған 72 уық тәуелсіз елдің бірлігі мен тірлігін иықтаса көтеріп тұрған көп этнос өкілдерін танытады. Және ол уықтар соншалықты бір-біріне ұқсағанымен, әрқайсысының шаңырақ қаламдығында өзіне ғана тиісті орны бар.

Шаңырақтың оң және сол жағына орналастырылған бейнелер –аңыздардағы қанатты пырақтар. Бұл қазақ поэзиясында кең тараған, қалаған уақытында Ұлы даланың о шеті мен бұш шетінен жеткізетін құстай ұшқан дүлдүл бейнесі – халқымыздың ұшқыр арманының, самғаған қиялышының, талмас талабының, асыл мұратының көрінісі. Пырақтардың қанаттары – көпэтности халқымыздың шынайы биікке самғаған, жасампаздыққа ұмтылған құштарлығының белгісі.

Комиссия мүшелерінің кейбіреуі үркे қараған макеттегі «қошқар мүйіз» көшпенділер өз әдет-ғұрыптарында киеліліктің, ерекшеліктің, оқшаулықтың, қасиеттіліктің символында пайдаланылған бейне. Қоршаған ортасын киелі санаған қазақ халқы дала тағылары ақбөкен мен бұғы мүйізінің шипалық қасиетін ежелден таныған, денсаулықтың киесіндегі қабылдаған. Сондықтан көктің сыйын, жердің игілігін, жорықтың жеңісін әртүрлі жануарлардың мүйізі арқылы бейнелеу көптеген халықтардың символдық ком-позицияларында елеулі орын алып, тұрақтанған.

Шаңырақ табанына симметриялы орналасқан кереге – киіз үйдің алдыңғы бөлігі, Елтанбада көртпеш элементтермен бірге төменгі бөлікте орналасқан босағаның ортасында ірі әріппен жазылған «ҚАЗАҚСТАН» деген қасиетті сөз барлық белгілерді берік ұстап әрі көтеріп тұр. Бұл – кешегі «бұратана» халықтың отаны емес, еркіндік алған, бостандыққа жеткен, өз билігі өзінде, өз бақытын өзі жасай алатын тәуелсіз қазақ халқының алтын әріпті жарқырап тұрған Отанының аты.

Сонымен, мемлекеттік елтаңба қазақ елінің Сақ дәуірінен соңғы ғасырлардағы мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, философиясын, ой-қиялышын, арман-мұддесін, талғам-түсінігін таныта отырып, мемлекеттің тұтастығы мен бірлігі, ұлттық үйлесу

мен жарасымдылықты тамаша үштастырған. Соңдықтан да бұл символдық композицияның мәнділігі мен мазмұндылығы, тартымдылығы мен әсемдігі, көркемдігі мен көріктілігі ғажайып та өміршең, баянды да жасампаз.

Елтаңба автордың ата-баба мұрасын, ұлттымыздың баға жетпес құндылықтарымен таныстырын, оның асылдарын жүйелі игергенін байқатады. Әсемдікке құмарлық, ерен еңбекқорлық, алған іске деген ерекше жауапкершілік оны өмір бойы алға тартып, еліміздің мемлекеттік асыл рәміздерінің бірі үшін құрестіріп, жеңіске жеткізді.

Бұгін еліміз өзінің рухани жаңғыру мәселесін алға тартып отырғанда, Елтаңба – біздің осы бағыттағы пәрменді құралымыз деуге толық болады.

Ықылым замандағы көшпелі скиф тайпаларынан мәлім болып, сан ғасыр рухани байлықты бойына жиып, әр бөлігі қасиетті ұғымға айналып, талай мақал-мәтел, баталарға арқау болған киіз үй ұлттық құндылықтарға еріксіз жетелеп, рухымызды көтереді. Бұл бұгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер ұрпаққа аса қат болып тұр. Осы арада бұқіл түркі әлемінің адал перзенті Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе?

Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген сезін айта кетсек артық болmas.

Бірнеше ғасырға жалғасқан тәуелділік, субъектіге айнала алмаған объектілік бойды биіктетпей, ойды тұқыртып, құлдық психология әлі де еңсемізді көтертпей, өркениетті ұлт катарына еркін ене алмай отырғанда Елтаңба – ұлттық мақтанышты тудыратын киелі таңба. Бұл Отанға деген ерекше сезімді оятып, жастарымыздың бойына патриоттық қуатты қалыптастырады.

Осыларды айта отырып, Елтаңбамыз, сонымен катар басқа да мемлекеттік символдар жүйелі насихаттауды ұйымдастыруды қажет ететінін, әсіресе оларды мектеп қабырғаларында жас ұрпақтарымыздың жете танып, жаттап өскендері әсте артық болmas еді. Өйткені ұлттымыздың рухани һәм материалдық құндылықтарын бойына жинақтаған бұл басты мемлекеттік рәміздер Мәңгілік елге бастар Әніміз де, қолға ұстар Тұымыз да, биікке көтерер Шаңырақ та бола беретініне сенім мол.